

Миллиарды людей по всему миру пользуются Facebook. В качестве платной рекламной платформы он предлагает возможности узконаправленного таргетинга. Настраиваемые аудитории, в частности, это очень полезный способ продвижения через Интернет среди подписчиков на электронную рассылку [1]. Такое продвижение очень эффективно, потому что вы больше узнаете о тех, на кого направляете таргетинг, и соответствующим образом можете подстраивать свою рекламу. Кроме того, Facebook ввел раздел «Магазин», чтобы облегчить процесс покупки людям, обнаружившим товар через социальную сеть.

Бурное развитие интернет технологий, платформ и социальных сетей привело к тому, что помимо развлекательной функции они стали выполнять роль платформы для продвижения бизнеса. Появилось направление, которое называется маркетинг в социальных сетях или SMM (Social Media Marketing) – это процесс привлечения посетителей, потенциальных потребителей на товар, услугу или бренд посредством социальных сетей [2].

Мир бизнеса постоянно меняется под воздействием технологий, трендов и глобальных событий. Пандемия значительно ускорила развитие рынка электронной коммерции. Бизнес массово перешел в онлайн, изменилось потребительское поведение, люди оценили преимущества интернет-покупок. Разрабатывая обновленную стратегию продвижения интернет-магазина на 2021 год, необходимо ориентироваться на глобальные маркетинговые тренды. При условии правильного внедрения рассмотренных инструментов можно значительно повысить эффективность рекламы и ведения бизнеса.

#### **Список использованных источников**

1. Аканов А. Почему азиатские компании будут лидировать в постковидном мире / Forbes.KZ. – март, 2021. – С.21-23.
2. Стелзнер М. Контент-маркетинг. Новые методы привлечения в эпоху интернета. – М.: Мир, 2020. – С. 97-102.

УДК 33: 338.532.4.024

### **ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯ: МӘСЕЛЕЛЕРІ, СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ КҮРЕС ШАРАЛАРЫ**

**Кайыржан Дариға Канатқызы**

[darigakayyrzhan8@gmail.com](mailto:darigakayyrzhan8@gmail.com)


Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика және кәсіпкерлік кафедрасының студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н. Досмағанбетов


Инфляция - бұл ақшаның құнсыздануы, бағаның өсуіне, тауар тапшылығына және тауарлар мен қызметтер сапасының төмендеуіне байланысты олардың сатып алу қабілетінің төмендеуі. Қазіргі жағдайда инфляцияның пайда болуына бағаның өсуіне байланысты ақшаның сатып алу қабілетінің төмендеуі ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің экономикалық дамуының жалпы қолайсыз жағдайы, халық шаруашылығының әртүрлі салаларындағы теңгерімсіздік, яғни жинақтау мен тұтынудағы, сұраныс пен ұсыныстағы, мемлекеттің кірістері мен шығыстарындағы және т.б. үлкен айырмашылықтары инфляцияның себептері болып табылады [1].

Көптеген елдер үшін 2020 жыл өте қиын болды, өйткені пандемия бірқатар жағымсыз экономикалық үдерістердің, соның ішінде инфляцияның өсуіне себеп болды, бұл баға мен азаматтардың өмір сүру деңгейіне тікелей әсер етті. Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕЭО) елдерін мысал ретінде қарастырайық. Онда өткен жылғы жылдық инфляция 5,4% құраған болатын, соның ішінде ең жоғары көрсеткіш Қырғызстанда, ең төменгі көрсеткіш Арменияда болды (сурет 1) [2].



Сурет 1. ЕЭО елдерінің 2020 жылғы жылдық инфляция көрсеткіштері [2]

Қазақстанда 2020 жылғы инфляция қарқыны пандемиялық коронавирус салдарынан 2019 жылмен салыстырғанда 5,4%-дан 7,5%-ға дейін жоғарылады. Ал 2010-2020 жылдар бойынша инфляция көрсеткіштерін 2-суреттен көруге болады.



Сурет 2. Қазақстандағы 2010-2020 жылдардағы жылдық инфляция қарқыны [3]

Инфляцияның көптеген түрлері бар, бірақ біздің ойымызша, бұл тұрғыда ең маңыздысы - инфляцияны оны тудырған себептерге байланысты жіктеу. Осы белгісі бойынша инфляцияны сұраныс және ұсыныс инфляциялары деп бөледі. Сұраныс инфляциясы белгілі бір игілікке жиынтық сұраныстың артықшылығынан туындайды. Ұсыныс инфляциясы - өндіріс шығындарының және ресурстар бағаларының күрт өсуіне байланысты орын алатын дайын өнімге деген бағаның өсуі мен өндіріс көлемінің қысқаруын білдіретін инфляцияның түрі. Яғни, пандемия кезінде сұраныс инфляциясы да, ұсыныс инфляциясы да орын алған болатын.

2019 жылдың күзінен бастап Қазақстанда инфляциялық үдерістердің қалыптасуы мен күрделене түсуі байқалды. 2020 жылдың наурыз айынан бастап әлемде және негізгі сауда-экономикалық серіктес-елдерде пандемиямен күрес жөніндегі шаралардың күшеюі, мұнай бағасының құлдырауы, теңгенің әлсіреуіне байланысты карантин шаралары енгізілгеннен кейін азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтерге жоғары өсім байқалған болатын.

Пандемия кезіндегі инфляция қарқыны бірнеше себептерге байланысты жоғары болды.

Біріншіден, тұтыну дүкеніндегі тауарлар мен қызметтердің бірқатар санаттарының нақты салмағы ресми санаттан аз болды, ал барлық осы санаттар айтарлықтай дефляцияны бастан кешірді. Сұраныс артқан басқа тауарлардың салмағы, керісінше, өсті.

Екіншіден, дүкендердің жабылуына байланысты көптеген тауарларға деген тапшылық пайда бола бастады, ал тапшы тауарлар, әдетте, жоғары нарықтық бағаларға ие болады. Халық инфляцияны күтетін болса, тауарларды жаппай сатып алуы орын алады, бұл өз кезегінде тапшылық тудырады және тауар айналымын арттырады - осылайша инфляцияны тудырады.

Карантин мен әлеуметтік алыстаудың салдарынан адамдар кейбір тауарлар мен қызметтерге, мысалы, көлік, туризм, тамақтану, спортпен шұғылдануға жұмсалатын шығындарды едәуір қысқартты және басқаларға, мысалы, тамақ, үйдегі ойын-сауыққа өсті.

Инфляциялық үдерістерде бағаның қалыптасуы және олардың өсу дәрежесі көбінесе сыртқы нарықтағы жағдаймен, сондай-ақ үнемі әсер ететін ішкі факторлармен анықталатын үрдіс байқалған болатын.

Мұнай өндіру Қазақстанның көптеген макроэкономикалық көрсеткіштеріне елеулі әсер етеді, бұл ел экономикасының құрылымына байланысты. 2020 жылы COVID-19 пандемиясымен күресу шаралары әлемдегі барлық елдерде экономикалық белсенділіктің төмендеуіне, бұл мұнайға деген сұраныстың төмендеуіне әкелді. Бағаның күрт құлдырауының алдын алу үшін өткен жылдың сәуір айында ОПЕК+ ұйымы мұнай өндіруді тәулігіне 9,7 млн. баррельге төмендету және одан әрі өндіруді біртіндеп арттыру бойынша келісім қабылданды. Осылайша, мұнай өндірісі 2020 жылы 6,6 млн. баррельге төмендеді, ал мұнай бағасы пандемия басталғаннан бастап, 2020 жылдың соңына дейін \$22-дан \$49-ға долларға дейін өсті.

Кейбір азық-түлік тауарларын өндіру көлемінің жеткіліксіздігі көптеген елдерде азық-түлік нарықтарындағы теңгерімсіздіктердің өсуіне және оған бағаның өсуіне әкелді, яғни Қазақстандағы азық-түлік инфляциясына әсер етті, яғни 2020 жылғы қарашадан бастап шикізат қорларының төмендеуі, сондай-ақ дақылдардың кейбір түрлері бойынша егіннің неғұрлым төмен көрсеткіштері аясында өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында бағаның жедел өсуі байқалады.

Инфляцияға негізгі үлес бұрынғыдай азық-түлік тауарларына бағаның өсуі ықпал етеді, 2021 жылдың ақпан айында азық-түлік инфляциясының 11,5% құрады. Соның ішінде жұмыртқа, қант, өсімдік майларының бағаларының өсуі байқалды. Жем-шөп дақылдарының қымбаттауы және құс тұмауы салдарынан ұсыныстың төмендеп, жұмыртқа бағасының жылдық өсуі 32,9%-ды құрады. Ал 2020 жылы жұмыртқа өндірісі 2019 жылмен салыстырғанда 8,4%-ға қысқарды.

Май бағасының ұзақ уақыт бойы өсуі нашар өнім нәтижесінде әлемдік нарықтағы ұсыныстың қысқаруынан туындаған жалпы әлемдік үрдіс болып табылады. 2021 жылғы ақпанда өсімдік майлары бағасының өсуі шикізаттың қымбаттауымен байланысты болды, бұл өз кезегінде май бағасының 40,6%-ға тең жылдық өсуіне алып келді.

Қазақстанда қанттың тұтыну бағасының 2021 жылғы ақпанда өсуі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен болды, яғни қанттың өсу қарқыны 39,1%-ға дейін жеделдеді. Тұтынылатын дайын ақ қанттың көп бөлігі импортпен қамтамасыз етіледі, импорттың негізгі үлесі Ресей қантына тиесілі болғандықтан, бұл ішкі бағалардың Ресейдегі бағаларға тәуелділігін арттырады, соңғы кездері ұсыныстың төмендеп, қант бағасының өсуі байқалады. Сонымен қатар, ұнның, жарма мен нанның жекелеген түрлерінің қымбаттауы байқалады. Ал көкөністер бағасының өсуі болды, оның басты себебі- электр энергиясына арналған тарифтердің өсуі болды. Қалған азық-түлік бағасының өсуі көбінесе әлемдік бағалардың серпініне байланысты болды.

Азық-түлік емес тауарлардың көпшілігі қалыпты өсуді көрсетті, яғни жылдық инфляциясы 2021 жылғы ақпанда 5,2%-ға дейін баяулаған болатын. 2020 жылғы қаңтар-ақпандағы жоғары базаның аясында бензин (1,9%-ға төмендеу, ж/ж) және дизель отыны (7,1%-ға төмендеу, ж/ж) бағаларының дефляциялық серпіні тіркелді. Бірақ құрылыс материалдарының, сондай-ақ киім мен аяқ киімнің көптеген түрлерінің қымбаттауы байқалды.

2021 ақпанда ақылы қызметтер бағасының жылдық өсуі 3,9%-ға дейін болды.

Инфляциялық процестерді жеделдетудің маңызды факторы 2021 жылы зейнетақы қаражатын алуы болады деп болжанды, себебі зейнетақы қаражатын адамдар, ең алдымен, тұрғын үйді жөндеуге және ипотекалық қарыздарды өтеуге алуы болуы мүмкін, бұл құрылыс материалдары мен жөндеу қызметтеріне бағаның өсуіне әсер етуі мүмкін екендігін Ұлттық Банк ақша-кредит саясаты туралы баяндамасында хабарлады.

Қазақстандағы инфляция себептерін жоғарыда баяндалған талдау инфляцияға қарсы тиісті саясатты, сондай-ақ іске асыру тетігін, яғни инфляцияға қарсы іс-қимыл әдістерін,

тәсілдерін әзірлеуге, оның пайда болу ошақтарында кешенді және мақсатты әрекет етуге мүмкіндік береді. Инфляцияға қарсы саясат - бұл тұтыну бағаларының деңгейін нақты тұрақтандыруға бағытталған мемлекеттің тиімді шараларының жиынтығы.

Инфляциялық процестерді тек белгілі бір саясаттың тікелей нәтижесі ретінде қарастыруға болмайды, өйткені бағаның өсуі экономикадағы терең процестердің сөзсіз нәтижесі, сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкессіздіктердің өсуінің объективті салдары, тұтыну мен өндіріс құралдарын өндіру, жинақтау және тұтыну сияқты себептері нәтижесінде инфляция процесі туындайды.

Отандық экономикадағы инфляцияны еңсеру үшін тиімді инфляцияға қарсы саясат, оның негізінде ұлттық ақша бірлігін нақты тұрақтандыру және нығайту болуы тиіс. Қазақстанның экономикасын әртараптандыруға, тұтыну нарығын отандық тауарлармен толықтыруға, импортқа тәуелділікті төмендетуге және экспортты кеңейтуге, сондай-ақ ақша-кредит және бюджет-салық саясаттарын неғұрлым жақсы үйлестіруге байланысты бірқатар мәселені шешу үшін, инфляцияның өсуіне жол бермеу үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтердің инфляцияға салымының шекті деңгейін айқындау бойынша жұмыс жүргізілуіне тиіс.

Қазақстан Республикасының инфляцияға қарсы кешенді саясаты мыналарға бағытталуы керек: негізінен еңбек өнімділігін арттыру есебінен елдегі экономикалық өсуді ынталандыру; халықтың нақты кірістерінің өсуімен салыстырғанда еңбек өнімділігінің озыңқы өсуін ынталандыру; монополист кәсіпорындардың өз тауарлары мен қызметтеріне баға өсуінің бекітілген шекті мәндерін сақтауы; елдің ішкі нарықтарында, атап айтқанда мұнай өнімдері, астық, электр энергиясы, көлік және байланыс қызметтері нарықтарында бәсекелестікті дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау; мемлекеттік бюджет тапшылығының берілген деңгейін сақтау және т.с.с. шараларға бағытталуы керек.

Қазақстандағы инфляция көбінесе азық-түлік тауарларына деген бағаның өсуімен сипатталады, сондықтан ішкі нарықтағы, бірінші кезекте, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдап, процеске әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды тарта отырып, нарықты жеміс-көкөніс өнімдерімен молықтыру жөніндегі жұмысты жалғастыру керек [4].

Инфляцияны төмендету үшін мемлекет, әдетте, Орталық банк атынан келесі шараларды қабылдайды:

- негізгі мөлшерлеме көтеріледі. Бұл елдегі несиелер ставкаларының өсуіне әкеледі және осылайша берілген несиелер түрінде ақша ағынын шектейді. Сонымен қатар, халықты банктерге ақша салуға ынталандыра отырып, депозиттер бойынша мөлшерлемелер де өседі;

- елдің банк жүйесі бақылауға алынады. Несиелеудің шарттары мен бағыттары бойынша белгілі бір шектеулер енгізіледі, сонымен бірге ел экономикасының стратегиялық маңызды салаларын несиелендіру ынталандырылады;

- бірінші қажеттіліктегі тауарлардың бағасы бақылауға алынады. Мемлекет инфляцияның өсу қарқынынан кейін одан әрі төмендеуге жол бермей, оларды бұрынғы деңгейде барынша ұстап тұруға ұмтылады. Бұл үшін, атап айтқанда, елдің ауыл шаруашылығы саласы (тамақ өнімдерінің негізгі жеткізушісі) үшін барынша қолайлы жағдайлар жасалады. Стратегиялық маңызды өндірушілер үшін олар салықты төмендетеді, жеңілдетілген несиелер мен субсидиялар береді және т.б.

- сондай-ақ, елден тыс жерлерде жүзеге асырылатын барлық жеткізілімдер бақылауға алынады.

2021 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясын әзірлеген болатын, оның негізгі мақсаты – баға тұрақтылығын қамтамасыз ету. Инфляциялық таргеттеу режиміне өткеннен кейін жыл сайын ақша-кредит саясатының негізгі бағыттары қабылданған болатын, яғни олар мыналарға байланысты болады: ақша-кредит саясатының негіздерін нығайту, қаржы нарығының тиімділігін арттыру, долларлануды тұрақты төмендету, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын дамыту бойынша жұмыс жасау, экспортты дамыту және импорт тәуелділігін төмендетуге

бағытталған жүйелік шараларды жүзеге асыруды көздейді. Осы бағыттар инфляцияны төмендету және белгіленген орта мерзімді 3-4% шегінде тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Яғни, Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына ықпал етеді [5].

Қазіргі уақытта инфляция - бұл қаржыға, экономикалық жүйеге теріс әсер ететін ең ауыр және қауіпті процестердің бірі, ол халықтың нақты кірістерінің төмендеуіне, жинақ ақшасының құнсыздануына, өндірушілердің сапалы тауарлар жасауға деген қызығушылығын жоғалтуына, өмір сүру жағдайының нашарлауына алып келуі мүмкін, сондықтан да инфляцияны басқара білу өте маңызды болып келеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Майдырова А.Б., Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика. Оқулық. II-том. Алматы: Эверо, 2018. – 200 бет.
2. ЕЭК елдері мен ТМД мемлекеттеріндегі инфляция деңгейі [Электрондық ресурс]. – Қол жетімділік тәртібі: <https://www.stat.gov.kz/official/industry/26/statistic/6>
3. Қазақстан Республикасындағы инфляция туралы [Электрондық ресурс]. – Қол жетімділік тәртібі: <https://www.stat.gov.kz/official/industry/26/statistic/6>
4. Коронавирусная инфляция: как COVID-19 влияет на индекс потребительских цен [Электрондық ресурс]. – Қол жетімділік тәртібі: <https://econs.online/articles/ekonomika/koronavirusnaya-inflyatsiya/>
5. ҚР Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясы [Электрондық ресурс]. – Қол жетімділік тәртібі: <https://inbusiness.kz/kz/news/ulattyk-bank-2030-zhylga-dejingi-aksha-nesie-sayasaty-strategiyasyn-makuldady>

336.221.4(574.1)

### **БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖАҒДАЙЫ**

**Қалдыбаева Гүлжазира Есенжолқызы**

[kaldibaeva\\_99@mail.ru](mailto:kaldibaeva_99@mail.ru)

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының студенті,

Орал, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ж.К.Ержанова

Салық саясаты экономиканы басқарудың қуатты құралы болып табылады. Кез-келген мемлекеттің экономикасын дамытудың басымдықтары елеулі дәрежеде салықтық ауыртпалықтың салдары болып табылатын салық төлемдерінің қол жеткізілген деңгейімен, дәлірек айтсақ оның қазіргі экономикалық саясат пен салық заңнамасы жағдайында мүмкін болатын шекті деңгейімен айқындалады. Салық жүйесі қоғамның барлық әлеуметтік топтарының – кәсіпкерлер, жұмысшылар, мемлекеттік қызметкерлер, студенттер, зейнеткерлер және т.б. мүдделерін оңтайлы үйлестіруге негізделуі керек. Қазақстан экономикасының қазіргі жағдайында салық жүйесін қоғамдық реформалау процесі жүріп жатыр. Қазіргі пандемиялық жағдайға байланысты да басқа да қызметтік құрылымдар сияқты салық жүйесі де өз қызметін ұйымдастыруда кедергілерге тап болды. Дегенмен салық жүйесі қызметін оңтайлы ұйымдастыру, тұтастай алғанда мемлекеттің салық жүйесінің оңтайлы шекарасын анықтауға ұмтылу, бұл өндірістің дамуына себепші болады және ұлттық экономиканың өсуіне жағдай жасайды.

Қаржы-бюджет жүйесі мемлекеттік бюджет және бюджеттен тыс қорлардың қаражатын қалыптастыру мен пайдалануға қатысты қатынастарды қамтиды. Қаржы-бюджет жүйесінің маңызды "қан тамырлары" салық болып табылады. Қазіргі уақытта салықтар мемлекеттік бюджеттік кірістің негізгі көзі болып табылады. Осы жеке қаржылық функциядан басқа, салық